

2020 жылғы 25 қыркүйек

Нұр-Сұлтан қ.

### **«Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбырының учаскелері қайта жаңартудан кейін пайдалануға берілді**

Атырау мұнай құбыры басқармасына жұмыс сапары барысында «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры Димаш Досанов өндірістік активтерді қайта құру бойынша жоспарлы жұмыстармен танысып, «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының 801-807 км және 814-824 км жаңадан салынған учаскелерін технологиялық қосуға қатысты.

Магистральдық құбырдың желілік бөлігін салу шеңберінде Қазақстанда алғаш рет бұрын тек АҚШ пен Ресейде қолданылатын дәнекерленген жіктерді радиографиялық бақылаудың цифрлық әдісі сәтті қолданылды. Жаңа технология дәнекерленген қосылыстардың сапасы бойынша қорытынды алу уақытын қысқартады және осы нәтижелерді цифрлық тасымалдағышта сақтауға мүмкіндік береді.

«Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының жаңадан салынған учаскелерін қосу жұмыстарына «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының 210 қызметкері және 62 бірлік арнайы техника, оның ішінде 6 бірлік басқа да жекеленген құрылымдық бөлімшелер тартылды.

Жалпы ұзындығы 17 км учаскелердегі құбырларды ауыстыру жұмыстары «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес орындалды және «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырын пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етеді.

«Атырау – Самара» мұнай құбыры әлемдік нарыққа қазақстандық мұнайдың экспорты бойынша екінші орында. Мұнайды «Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы және одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы жеткізу Усть-Луга Балтық терминалына және Новороссийск Қара теңіз портына дейін жүзеге асырылады. 2019 жылы «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы 13,3 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды.

#### **Анықтама үшін:**

*«ҚазТрансОйл» АҚ - Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км құрайтын магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие болып келеді. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа 5 бағыт бойынша тасымалдайды: «Атырау-Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерлерге мұнай құю), теміржол (цистерналарға құю), КҚК жүйесіне ауыстырып тиеу. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік объектілері Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.*

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс және  
ішкі коммуникациялар департаменті**